


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

2(10)2025



ӘОЖ 069.029

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ӘНШІ ӘЛИ ҚҰРМАНОВТЫҢ ҚҰЖАТТАР КОЛЛЕКЦИЯСЫ

М.Б. Сулейменова

Ақтөбе облыстық тарихи- өлкетану музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақала өзіндік әншілік дауысымен, әртістік қабілетімен, ән орындаудағы ерекше шеберлігімен, қазақ халқының мәдениеті мен өнері саласында өзіндік орны бар әнші Әли Құрманов жайында болмақ. Әншінің ән және өнер саласындағы жеткен жетістіктері, мәдениет саласындағы алар орны жайында айтылмақ.

Әли Құрманов репертуарында «Әлди-ау», «Сусар-ай», «Молдабай», «Сүмбіл шаш», «Он алты қыз» тәрізді халық әндері, термелер, қазақ композиторларының әндері мен желдірмелері болды. Ол А. Жұбановтың «Сары» пьесасындағы Қабыл ақынның ролін сомдаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында Солтүстік-Батыс майдан жауынгерлерінде концерт көрсетті. Мұхиттың, Қызылдың, Батақтың Сарысының әндері, Қаршығалы жыршының әндерін орындады болды. Қазақ өнерін кеңінен насихаттады.

Әншінің жеке орындауында Боранбайұлы Сарышалақтың 20-ға жуық ән-толғаулары, «Тұлға», «Би ағандікі ақыл», «Біле алмадым», «Ұлы құм», «Үкіңнен айналайын ырғақтаған», «Тілеу-Қабақ», «Көкіл қыз», «Ат міндім моншақтаған», «Мамық қыз», «Сәлем айтты бауырың» әндері болды. Сонымен қатар жыр мен қазақтың шежіресін де айтқан.

Әнші Али Құрманов қазақ әндерін нақышына келтіре орындай отырып, қазақ өнерін төрткүл дүниеге насихаттау жолында зор еңбек еткен. Атап айтсақ гастрольдік сапарлармен жүріп, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Қарақалпақстанда, Мәскеуде де қазақтың ән-жырларын тыңдаушыларға таныстырудан жалықпады. Қазақ өнерін әлемге танытуда аянбай еткен еңбегінің нәтижесінде ол «Қазақ ССР-інің Еңбек сіңірген артисі» атағымен марапатталды.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорының ғылыми архивінде сақталған Әли Құрманов жайындағы құжаттар, ондағы фото құжаттар, естелік жазбалар, ғылыми мақалалар, әдебиеттер мақаланың негізгі дерек көздері болып табылады. Ізденіс, зерттеу жұмыстары барысында жинақталған тарихи деректерді арқау ете отырып, өнер қайраткерін таныстыру, өмір жолын баяндау әдісі қолданылды.

Тірек сөздер: Али Құрманов, ән, өнер, фотоқұжаттар, естелік құжаттар, тарих, музей, экспозиция.

Сілтеме жасау үшін: Сулейменова М.Б. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы әнші Әли Құрмановтың құжаттар коллекциясы // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), 88-95 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.08

КОЛЛЕКЦИЯ ДОКУМЕНТОВ О ПЕВЦЕ АЛИ КУРМАНОВЕ ИЗ ФОНДА АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ИСТОРИКО - КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ

М.Б. Сулейменова

Актюбинский областной историко - краеведческий музей (Казахстан)

Аннотация. Статья посвящена певцу Али Курманову, который своим уникальным певческим голосом, артистическим талантом и исключительным мастерством исполнения песен оставил значимый след в культуре и искусстве казахского народа. Рассказывается о достижениях певца в области музыки и искусства, а также об его месте в сфере национальной культуры.

В репертуаре Али Курманова были народные песни «Алди-ау», «Сусар-ай», «Молдабай», «Сумбиль шаш», «Он алты кыз», терме и песни казахских композиторов. Он играл роль поэта Кабыла в пьесе А. Жубанова «Сары». В годы Великой Отечественной

войны он дал концерт для воинов Северо-Западного фронта. Певец исполнял песни Мухита, Кызыла, Батак Сары, поэта Каршыгалы. Он широко пропагандировал казахского искусство.

Певец Али Курманов, исполнявший казахские песни в своем уникальном стиле, проделал большую работу по продвижению казахского искусства по всему миру. Он много гастролировал и знакомил с казахскими песнями слушателей в Узбекистане, Киргизии, Туркменистане, Каракалпакстане и даже в Москве. Али Курманов за продвижение казахского искусства получил звание «Заслуженный артист искусств Казахской ССР».

Материалы и методы исследования. Основными источниками статьи являются документы об Али Курманове, сохранившиеся в научном архиве Актобинского областного историко-краеведческого музея, в том числе фотодокументы, литература, показывающие его достижения в творчестве.

Ключевые слова: Али Курманов, песня, искусство, фотодокументы, памятные документы, история, музей, выставка.

Для цитирования: Сулейменова М.Б. Коллекция документов о певце Али Курманове из фонда Актобинского областного историко - краеведческого музея // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), с. 88-95. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.08

COLLECTION OF DOCUMENTS ABOUT SINGER ALI KURMANOV FROM THE FUND OF THE AKTOBE REGIONAL HISTORICAL MUSEUM OF LOCAL HISTORY

M.B. Suleimenova

Aktobe Regional historical museum of local history (Kazakhstan)

Abstract. The article is about singer Ali Kurmanov, who has made his mark in the culture and arts of the Kazakh people with his unique singing voice, artistic talent, and unique skill in performing songs. This article discusses the singer's achievements in the field of singing and art, and his place in the field of culture.

His repertoire included folk songs such as “Aldi-au”, “Susar-ai”, “Moldabai”, “Sumbil shash”, “On alty kyz”, songs of folk composers. He played the role of the poet Kabyl in A. Zhubanova's “Sary”. During the Great Patriotic War, he gave a concert for the soldiers of the North-Western Front. He composed songs for the poets Mukhit, Kyzyl, Batak Sary and Karshygal. He was a singer who widely promoted Kazakh art.

Singer Ali Kurmanov performed Kazakh songs in his own style, has done a great job in promoting Kazakh art all around the world. In particular, he never tired of touring and introducing Kazakh songs to representatives of other nationalities in Uzbekistan, Turkmenistan, Kyrgyzstan, Karakalpakstan, and even Moscow during the Soviet Union. He was one of the leading figures in promoting Kazakh art to the world. As a result of his tireless work, he received the title of «Honored Artist of the Kazakh SSR», one of the highest honors of art.

Materials and methods of research. The main sources of the article are documents about Ali Kurmanov, photo documents, memoirs, scientific articles, literature, and achievements in his career, stored in the scientific archive of the Aktobe Regional historical museum of local history. The method of narrating the life of the artist was used, based on historical data collected during the search and research work.

Keywords: Ali Kurmanov, song, art, photo documents, memorable documents, history, museum, exhibition.

For citation: Suleimenova M.B. Collection of documents about singer Ali Kurmanov from the fund of the Aktobe Regional historical museum of local history // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), pp. 88-95. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.08

Кіріспе. «Өнер әлемі – асыл қазына» демекші мәдениетіміздің өсіп, көркеюіне өз үлесін қосқан, еліміздің тарихына, тылсым құпия сырларына күш – жігерін, білім-тәлімін, өмірін, бойындағы бар өнерін арнаған биік тұлғалардың қатарынан елге жасаған еңбегімен,

ізгілікті ісімен халық жадында мәңгілікке сақталған танымал, мәдениет, өнер қайраткерлерінің бірі - Әли Құрманов. (Сурет 1).



Сурет 1. Әли Құрманов
ҚҚТ-5282/1.

Талқылау. Әли Құрманов 1901 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Жомарт колхозы шаруа отбасында дүниеге келген. Ол – әнші (тенор), жыршы, термеші.

1915-1916 жылдары, Шалқар қаласындағы орыс-қырғыз мектебінде оқып, білім алған. Ата-анасыда домбыра шерту, ән салу өнерінен алыс болмаған деседі. Әлиде жастайынан домбыраға жақын өсіп, домбырада ойнауды, ән айтуды үйреніп, халықтың ескі әндерін айтқан.

Әли Құрманов бозбала шағында той – думанда ән салып, жыр жырлап, он төрт-он бес жасында домбыра тартуды үйреніп, он алты жасында «Бала жырау» атанады. 1929 жылға дейін Шалқар өңірінде жыраулығымен аты шыққан. Әли Құрманов өз бойындағы талантты өзі аша білген тұлғалардың бірі. Әншінің үлкен еңбегінің бірі тарихта Батақұлы Сарының да әндерінің ел арасында көп таралуына үлкен үлесін тигізген еді.

1919-1920 жылдары, милиция қызметінде еңбек еткен. 1921 жылы Орынбор қаласында үгіт жүргізушілердің курсына жіберіліп, кейіннен ауылда үгіт жұмысын жүргізуші болған.

1922-1930 жылдары драматикалық үйірмеге қатысып, сахнада көптеген қойылымдар көрсетуге қатысты. «Қызыл сұңқарлар», «Бетім-ау, құдағи ғой», «Үш қонақ», «Салақ қыз» пьесаларын қойып, өзі басты рөлдерде ойнаған.

«Ел іші өнер кеніші» демекші, А. Жұбановтың шақыртуымен оркестрге ел-елден, жер-жерден жиналған майталман музыканттардың ішінде Али Құрмановта бар еді. Өмір бойы ізденіс үстінде таланттарды табу және оларды кәсіби өнерге баулу жолында тер төккен. Иссапарда жүрсін, экспедицияда болсын немесе жай көше бойымен жүріп келе жатса да үнемі құлағы түрік жүретін. Жас дарындарды іздейтін, талай тарланның талантын ашып, өнер әлеміндегі үлкен өнерге жолдама беріп, тәрбиелеп шығарған, талай талантты тұлғаларды кәсіби өнерге баулыған да осы академик Ахмет Жұбанов болатын [Тілейқызы, 2022].

Али Құрманов 1934 жылы Алматыға өнер қызметкерлерінің слетіне шақырылып, II категориялы сыйлыққа ие болады. Осы слеттен кейін, Алматыда Қазақтың Жамбыл

атындағы мемлекеттік филармониясына артистік қызметке келеді. Филармонияның барлық концерттеріне белсене қатысып, гастрольдік сапарларға шығып, өз өнерімен халықтың ризашылығына бөленеді. Халық оны қашанда шын ниетпен, ыстық ықыласпен қарсы алды. Ресми түрде «филармонияның солист-әншісі» болып тағайындалады.

1936 жылы Москваның онкүндігінде Әли Үлкен театрда болған қорытынды концертте ақын ролінде шықты (концерттің екінші бөлімі театрланған болатын). Әлидің өткір термесі, әлді дауысы, қолдарын неше саққа жүгіртіп, ойнақшытып, домбыраны қағуы, ән орындағандағы шығармашылық еркіндігі, бай мимика Москва тыңдаушыларының айызын қандырды. Сол кез ұлы астана Москваның сахнасына шығып, көтеріліп, дамып келе жатқан қазақ музыкасының туын бір биіктетіп, өзінің де шын мәнінде шебер өнер иесі екендігін танытты. Басқа қазақ өнерпаздары сияқты Әли де бұл сапардан үлкен күш жігер, сенім алып қайтты. Қалған өмірін қазақ кеңес өнерінің өрбу жолына жұмсауға ол да серт берді.

Сол 1936 жылы күз мезгілінде Әли Құрмановтың өнер саласындағы еңбегі аса жоғары бағаланып, Әлиге «Қазақ ССР-інің Еңбек сіңірген артисі» деген құрметті атақ берілді. Ол Әли үшін үлкен дәреже, бағалау, әкелік қамқорлық болды [Жұбанов, 1975: 413]. (Тіркеу нөмері: КҚТ-5234/12), (Сурет 2-3).



Сурет 2. Әли Құрмановтың Қазақ ССР-інің Еңбек сіңірген артисі куәлігі.
КҚТ-5234/12.



Сурет 3. Әли Құрмановтың депутаттық билеті.

1939-1941 жылдары Алматы қалалық депутаттар кеңесінің депутаты қызметін атқарады (тіркеу нөмері: КҚТ-5234/14).

1938 және 1952 жылдары өнер қызметкерлері кәсіподақ комитетінің «Құрмет» Грамотасымен наградталады.

1942 «Орта Азия әскери округінде атқарған мәдени қызметі үшін» Грамота және 1952 жылы «Түркістан әскери округінде атқарған мәдени қызметі үшін» Грамотамен наградталады.

1945 жылы Қазақ ССР-нің құрылғанына 25-жыл толу мерекесіне байланысты, «Социалистік еңбегі үшін» Грамота тапсырылды.

1945 жылы сонымен қатар, «Ұлы Отан соғысы жылдардағы мәдениет саласындағы еңбегі» үшін, Совет Одағы халық комиссарлары Советінің «Құрмет» Грамотасымен және 1946 жылы «Ұлы Отан соғысы кезіндегі Ерен еңбегі» үшін Жоғарғы кеңестің қаулысымен медальмен наградталады (Тіркеу нөмері: ҚҚТ-5234/10), (Сурет 4).



Сурет 4. Әли Құрмановқа «Ерен еңбегі үшін» берілген куәлігі.
ҚҚТ-5234/10.

1956 жылы «Үздік еңбегі үшін» медаль тапсырылды.

Осы аталған барлық наградалар Әли Құрмановтың еңбегінің куәсі. Әли Құрманов зейнеткерлікке «Қазақконцерт» бірлестігінен шыққан. 1968 жылы өмірден озды.

Ұлы Отан соғысы жылдары кезінде басқа өнер қайраткерлері сияқты Әли де бұрынғыдан да шабыттанып, жауды жеңуге өзінің өнерімен қолынан келген үлесін қоса беруге бар күшін салды. Тылдағы ардақты еңбекке ие болып жатқан ерлердің арасында қыс демей, жаз демей, боран демей, ашық демей Әли үзбестен халық арасында концерт бригадасының белді адамы болып жүрді. Ол бұл кездерде өзі ән салып, жыр жырлап, өзі конференсье болып, өзі бригада бастығы болып, жан-жақты міндеттер атқарды. Қайда жүрсе де Әли бастаған концерт бригадасы шығармашылық үлкен табысқа ие болып, Отанның моральдық та, материалдық та қорын көбейте түсуде көрнекті роль атқарды [Жұбанов, 1975: 415], (тіркеу нөмері: ҚҚТ-5234/5), (Сурет 5).



Сурет 5. Әли Құрманов майдан даласында жауынгерлер арасында домбырамен ән айтып тұр. Ұлы Отан соғысы жылдары. Солтүстік-Батыс майданы 1943жыл.
ҚҚТ-5234/5.

Әли Отан соғысының қас жауымен қарсыласып жатқан жауынгерлердің арасына да барып қайтты. Ол 1943 жылы Солтүстік – Батыс майданында ақын Ғали Орманов бастаған концерт бригадасымен барып, онда көптеген концерттер беріп қайтты. Біздің айбынды жауынгерлер, офицерлер Әлидің әндерін үлкен ынтамен тыңдап, оған өздерінің әскери рахметтерін айтып, қазақ музыкасының өркендеу бетінде жаңа табыстарға ие бола беруде тілектестіктерін білдірген. Өлеңімен неміс басқыншыларына қарсы күреске шыққан Жамбылдың сол кездегі үлкен патриоттық шығармаларын музыкаға салып, Әли майдандағы ерлерге таныстырып қайтты [Жұбанов, 1975: 415], (тіркеу нөмері: ҚҚТ-5234/6), (Сурет 6).



Сурет 6. Әли Құрман майдан даласында жауынгерлермен бірге.
ҚҚТ-5234/6.

Отан соғысы аяқталып, жау жеңіліп, ақ түйенің қарны жарылған кезде Әли де ендігі кезекте өзінің сүйікті өнерін бейбіт еңбек жасап жатқандарға жеткізуді мақсат тұтты. Ол кеңес үкіметінің алғашқы күндерден бастап қатты ұстаған саясаты – бейбітшілік сақтау күресінде алдыңғы шептің бірінде, тағы да ел аралап, ауыл-село еңбеккерлерінің рухтарын көтеріп, эстетикалық тәрбие беруде өнерін жұмсады. Енді Әли концерт бригадасының ішіндегі көп мүшесінің бірі емес, «Әли Құрмановтың басшылығындағы ансамбль» деген топ құрып, сонымен алыс-алыс республика бұрыштарына барды. Қайда барсада бұл ансамбльдің шығармашылық табысы айта қалғандай болды. Әли соғыстан кейін бейбіт жылдарда Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстанда болып, бауырлас кеңес еліне қазақ өнерінің жетістіктерін үгіттеді. Әсіресе ансамбль басшысы Әлидің орындаудағы «тіл» қайда болса да үнемі түсінікті болып отырды [Жұбанов, 1975: 416].

Әли Құрманов мінезі момын, биязы, мейірімді адам болған. Мейірбандығын төрт ағасының бірі Оспан ашаршылық кезінде қайтыс болып, одан қалған Лайық деген қызын Әли ағай балалар үйінен қолына алып, өсіріп тәрбиелеп, өз қолынан ұзатқан деседі.

Тағы бір дерек, 1946 жылы Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Әли Құрманов бастаған концерттік бригада Ойыл ауданында 3-4 күндік концерт қояды. Сонда Әли ағамыз бала Айсаның (Айса Шәріпов) өнеріне тәнті болып, өзімен бірге Алматыға алып кетеді. Осы балаға да әкелік қамқор жасап, оқуына көмек беріп, оның кейін Қазақ мемлекеттік филормониясының Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің атақты домбырашысы болуына үлкен көмегі тиеді [Құрманбеков, Иман, 2014: 76].

1935 жыл. Е.Г. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсын жазып жүргендегі Жібектің негізгі ариясын іздеп табу, және «Молдабай» әнін нотаға түсіру мақсатында осы әнді орындайтын әншіні іздеп жүрген кезі болса керек, осы максатта Ахмет Жұбановпен кездесіп, ақылдасқанды жөн көреді. Мән-жайды айтқаны сол-ақ екен, А. Жұбанов: «Молдабай» әнін бірден-бір шебер орындайтын әнші ол өзіміздің Әли Құрманов. Ол жастайынан Молдабай әншінің соңына еріп, оның ел арасына кең тараған, шырқалып жүрген әйгілі әндерін үйреніп, әндегіп жүрген әнші. Одан асқан әнші жоқ» - деп Әлиді көрсетеді.

Әнді нотаға түсіру кезіндегі жұмыс барысында Е.Г.Брусиловский Әлидің домбыра қағу сілтесінің өзінен бұрын - соңды көріп жүрген мықты деген домбрашылардан да әлдеқайда шебер орындаушылықты байқайды. Солардың ешқайсысына ұқсамайды. Виртуоз! Әлидің дауысының ырғағына, дауыс диапазонының мүмкіншілігіне таңғалып, Молдабай әншінің де үнінің, дауысының қайдай деңгейде екенін көз алдына елестеткендей болады. Өте биік, кең диапазон! ...Әңгімелесе отыра Әли дауысы алабұрта: «Молдабай әншінің ән салғанда дауысы жеті, сегіз шақырымнан естілетінін айтып: Молдабай біз үшін үніміз жетпейтін асқар шың болса, біз соның қоңырқай ғана етегіміз» деген екен, көзі жасаурай. Әли Молдабайға осылайша табынғанын көруге болады [Рақымжанов, 2020].

К.У. Уразов өз естелігінде Әли Құрманов туралы былай деп жазған: В моей памяти незабываемыми на всю жизнь остались шуточные песни заслуженного артиста Республики Алия Курманова «Молдабай», «Он алты қыз» и др. Песни А.Курманова мне очень понравились, некоторые из них я запомнил на долго, знал наизусть, часто повторял для себя. С тех пор прошло ровно 55 лет, некоторые строки песни «Молдабай» не забыл и сейчас:

Тәңірберген Молдабай,
Малға жарлы болсада,
Айтар сөзге тілге бай
Сөйлер сөзге келгенде
Орынбордың аузында
Тағалаған жорғадай
Сойле тілім жалықпа
Жарқыратып анықта...

Песню «Молдабай», «16 Қыз» лучше никто не может исполнять и сейчас. Али-ага был непревзойденным мастером исполнения шуточных песен. К сожалению, песня «Молдабай» больше я не услышал, а хочется послушать. Для нашего старшего поколения песни Жамала, Жусипбека, Алия несравними никакими другими, особенно современными шумными криками молодежи. Таланты рождаются, это природное богатство, мы обязаны их познать и ценить по достоинству. Неслучайно из глубин веков дошли до нас народная поговорка: «Хотя умирают акины, певцы, но их слова и песни неумирают никогда». Вот такими они были и остались в нашей памяти бессмертными [Уразов, 1996].

Қорытынды. Әншінің зор еңбегі Қазақ Республикасының Энциклопедиясында, қазақ теледидары мен радиосының алтын қорында мәңгілікке сақталады. Бүгінгі таңда әнші есіміне берілген Шалқар ауданында көше атауы бар. Әншінің репертуарындағы әлі де қағаз бетіне түспеген көптеген әндері мен термелерінің жинақталуы уақыттың еншісінде. Қазақ музыкасына айта аларлықтай зор еңбек сіңірген, ол жөнінде айтып мақтануға тұратын белді қайраткерлердің бірі. Әннің өміршендігінің бір сипаты шебер орындаушылыққа да байланысты дейтін болсақ, демек әнші Әли орындаған әуенді әндер қай уақытта шырқалса да, өз тыңдармандары табылары анық. Ән, әуен -мәңгілік.

ӘДЕБИЕТ

Жұбанов А. *Замана бұлбұлдары*. Алматы: Жазушы, 1975. 406-416 бб.

Қонақбаева А. Ақтөбе газеті. 2015. №25.14 б. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі. Түсімдер кітабы. 2004-2008. № 06.

Құрманбеков Е.Ж, Иман Б.Н. Туған жер - тұнған тарих. Ақтөбе: Ақжар-АБК, 2014. 76 б.

Рақымжанов Н. 2020. <https://shora-batyr.kz/238>. 8.12.2020.

Тәжибаев М.Қ. Ақтөбе энциклопедиясы. Ақтөбе, 2001. 533-534 бб.

Тлешов Т. Шалқар энциклопедиясы. Шалқар, 2009. 171-172 бб.

Тілейқызы А. 2022. https://el.kz/maskeu-zhurtyn-tangaldyrgan-kompozitor-ahmet-zhubanov_55136/ 08.11.2022.

Уразов К.У. Мои воспоминания. 1996. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі. Түсімдер кітабы. 2004-2008. № 06.

REFERENCES

Jubanova A. Zamana bulbuldari. Almaty: Jazushy, 1975, pp. 406-416. (In Kazakh)

Konakbaeva A. Aktobe gazeti. 2015. No25. p 14. Aktobe oblystyik tarihi-olketanu muzeii. Tusimder kitaby. [Book of receipts]. 2004-2008. № 06. (In Kazakh)

Kurmanbekov E.J, Iman B.N. Tugan zher-tungan tarix. Aktobe. Akzhar-ABK, 2014. p.76. (In Kazakh)

Rakhimzhanov N. 2020. <https://shora-batyr.kz/238>. 08.12.2020. (In Kazakh)

Tazhibayev M.K. Aktobe ensiklopediasy. Aktobe, 2001, pp. 533-534. (In Kazakh)

Tileshev T. Shalkar enciklopediasy. Shalkar 2009. pp. 171-172. (In Kazakh)

Tleikyzy A. 2022. https://el.kz/maskeu-zhurtyn-tangaldyrgan-kompozitor-ahmet-zhubanov_55136/ 08.11.2022. (In Kazakh)

Urazov K.U. Moi vospominaniya. 1996. Aktobe oblystyik tarihi-olketanu muzeii. Tusimder kitaby. [Book of receipts]. 2004-2008. № 06. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Сүлейменова Майра Байғалиқызы – Ақтөбе облыстық тарихи өлкетану музейінің әдіскері (030000, Ақтөбе қаласы, Алтын Орда ы.а., Ораз Тәтеұлы көшесі 3. Қазақстан). E-mail: maira-s@mail.ru

Сведение об авторе: Сулейменова Майра Байғалиевна – методист Актюбинского областного историко-краеведческого музея (030000, Ақтөбе, Алтын Орда м-н., ул. Ораза Тәтеұлы 3. Казахстан). E-mail: maira-s@mail.ru

Information about the author: Maira B. Suleimenova – Aktobe Regional historical museum of local history, methodist (030000, Aktobe city, Altyn Orda y.a., Oraz Tateuli Street 3. Kazakhstan). E-mail: maira-s@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 13.06.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 20.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.06.2025